

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 523

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне беріліп отырған өзгертулер мен толықтырулар бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен халық депутаттары жергілікті кеңестерінің немесе олардың орындарының құрамына сайлануы нәтижесінде қызмет міндеттерін орындаудан босатылған әскери қызметшілердің - халық депутаттарының әскери қызметті өткеруінің ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 172 қаулысының күші жойылған деп танылсын. (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 6, 82-бап).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 9 с ә у і р д е г і

N 5 2 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.06.06 N 934** қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен жолаушы мен жүкті тасымал жасауға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 251 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен жолаушы мен жүкті тасымал жасауға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы ереженің (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 122-бап) 3-тармағының "е" тармақшасындағы "Әскери күштердің" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. **Күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357** қаулысымен.

4. **Күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.08.26. N 803** қаулысымен.

5. "Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1100 қаулысының 3-тармағындағы "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық әскерлеріне деген сөздер "Шекара әскерлеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын

6. **Күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124** қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК